"ДЕНИСОВ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

110500, Денисовка ауылы,
Калинина көшесі, 6,
тел: 8 (71434) 21344, 21404, 21099
e-mail: den_soczahita@kostanay.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ АКИМАТА ДЕНИСОВСКОГО РАЙОНА"

110500, село Денисовка,
улица Калинина, 6,
тел: 8(71434) 21344, 21404, 21099
e-mail: den_soczahita@kostanay.gov.kz

№ 253

2026ж 03.04

Кімге:
"Жалын"Жанкелді аудандық жастар ұйымы" қоғамдық бірлестігі
Қостанай облысы, Жанкелді ауданы, Торғай ауылы, Алтынсары к. 69
Кімнен: "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ
Денисовка ауылы, Калинин көшесі, 6

Шағымға жауап

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссияның № 16513568-1 шешімімен келіспеу туралы Сіздің № 285487 өтінішіңізді қарап, төмендегілерді хабарлаймыз:

1 пункт.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағының 1) тармақшасы. Мәселенің сипаттамасында дереккөздерге

000213

сілтеме жасай отырып статистикалық және аналитикалық ақпарат жоқ. Техникалық ерекшелікте, егжей-тегжейлі жоспарда 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес іс-шаралар нысандары жоқ, Тапсырыс беруші мәлімдеген іс-шаралар жоқ. "Жалын "Жанкелді аудандық жастар ұйымы" қоғамдық бірлестігінің Жарғысына сәйкес жастармен жұмыс істеу қызметтің мәні болып табылады, қарт азаматтармен және мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеуге нұсқау жоқ.

Осы критерийді қайта қарау үшін негіздер жоқ.

2 пункт. Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы растайтын құжаттармен анықталады - Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының конкурстық құжаттамасының 21-қосымшасы көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады, Сіз ұсынған құжаттарға сәйкес 2013, 2018, 2019, 2020, 2021, 2022, 20025,20026 жылдарға арналған растаулар бар, бұл 8 жылды құрайды.

Осы критерийді қайта қарауға негіз жоқ.

3 пункт. Тиісті өңірдегі үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі - конкурстық комиссияның шешімі осы өлшем бойынша қайта қаралуға жатады.

4 пункт. Әлеуметтік жобаны іске асыруға тартылатын мамандардың өтілі мен біліктілігі - конкурстық комиссияның шешімі осы өлшем бойынша қайта қаралуға жатады.

Шағым ішінара негізделген деп танылды, "Жалын" Жанкелді аудандық жастар ұйымы" қоғамдық бірлестігінің жобалық өтінімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа шешім қабылдаумен қайта қаралуға жатады.

Басшы **Л.Дранчуковская**